

**Қытай Халық Республикасының Үкіметі**

**мен**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі**

**арасындағы**

**қазақстандық транзиттік жүктерді өңдеу мен тасымалдау үшін**

**Қытайдың Ляньюньган теңіз кемежайын пайдалану жөніндегі**

## **КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі

екі мемлекет арасында бұдан әрі көлік байланысын дамыту мен достық қатынастарды нығайту мақсатында,

достық және өзара түсінушілік негізінде,

**төмендегілер туралы келісті:**

### **1-БАП**

Оңтүстік-Шығыс Азия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдеріне және кері қарай транзитпен баратын Қазақстан жүктерін қайта өңдеу мен тасымалдау үшін Ляньюньган кемежайын пайдалану.

### **2-БАП**

Транзит тасымалдауларын жүзеге асыру кезінде екі мемлекеттің де заңды және қалыптық актілері сақталуы тиіс.

### 3-БАП

Уағдаласушы Тараптар форс-мажорлық жағдайлардан басқа транзит тасымалдауларының шектелуі мен кідіруін болдырмау үшін барлық шараларды қарастырады.

### 4-БАП

Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдерінің қатысуымен, қажет болуына қарай, мыналарды жасайды:

- қайта өңдеу, тасымалдау және қызмет көрсету тарифтерін қоса есептегенде транзит талаптарын өзірлейді;
- көліктік-экспедициялық операциялар бойынша екі мемлекет заңдарына қайшы келмейтін төлемдер мен өзара есеп- айырысудың тиімді жүйелерін құрады.

Мыналар Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары болып табылады:

- Қытай Халық Республикасы Үкіметінен:  
Коммуникациялар министрлігі мен Темір жол министрлігі.
- Қазақстан Республикасының Үкіметінен:  
Көлік және коммуникациялар министрлігі.

### 5-БАП

Қытайлық кемелермен тасымалданатын қазақстандық транзиттік жүктердің көлемі Ляньюньган кемежайындағы қазақстандық жүктердің жалпы көлемінің 50% құрайтын болады.

### 6-БАП

Құзырлы органдар арасында тиімді іскерлік қатынастарды дамыту мен қолдау, сондай-ақ олардың тиесілі кәсіпорындары мен ұйымдарының арасындағы контактілердің дамуын көтермелеу мақсатында, мысалы:

- теңіз сауда флотын, кемежайды, теміржол желілерін тиімді пайдалану, экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстар мен тәжірибе алмасу;
- теңіз сауда мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың қызметіне және теңіз көлігі бойынша халықаралық шарттарға қатысты пікір алмасу.

### 7-БАП

6-бапта көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін және осы Келісімнің қолданылуын бақылау үшін Уағдаласушы Тараптар құрамына өздерінің құзырлы органдары кіруі тиіс Аралас комиссия құруға келісті.

Әрбір Уағдаласушы Тарап қажет болуына қарай Аралас

комиссияның құрамында жұмыс жасау үшін басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдерін шақырады.

а/ Аралас комиссия:

- осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты туындаған кез келген дау-дамайларды Уағдаласушы Тараптардың біреуінің қалауы бойынша достастық консультациялар жүргізу жолымен шешеді;

- осы Келісімді қолданудан туындайтын, жеке алғанда, екі жақты сауда қатынасының мәселелерін, сондай-ақ халықаралық сауда кеме қатынасының жалпы мәселелерін, өзара мүдделі болып табылатын мәселелерді талқылайтын болады.

б/ Аралас комиссия жеке мәселелерді талқылау және тиесілі кепілдемелерді өзірлеу мен оларды Аралас комиссияның қарауына ұсыну үшін жұмыс тобын құруы мүмкін.

в/ Аралас комиссия тиісті өтініш түскеннен кейін үш айдан кешіктірмей Уағдаласушы Тараптардың біреуінің сұрауы бойынша жиналады. Аралас комиссияның әрбір мәжілісі үшін күн тәртібі екі Уағдаласушы Тараптың құзырлы органдарының келісуі бойынша анықталады.

## 8-БАП

1. Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім беймәлім мерзімге жасалған және Уағдаласушы Тараптардың біреуінің оны бұзғаны туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша мәлімдеген күнінен бастап 180 күн өткен соң ол бұзылған болып саналады.

3. Уағдаласушы Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімді өзгерте алады және толықтыра алады.

1995 жылы 11 қыркүйекте Пекин қаласында екі дана болып, әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қытай Халық Республикасының  
Үкіметі үшін

李嵐清

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Н.К.Келісім